

## №1 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі

### Анықтама

№1 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебінің ата-аналарына «Буллингпен күресте отбасының рөлі» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Буллинг – бұл адамға әдейі, қайталап жасалатын психологиялық, физикалық немесе әлеуметтік қысым көрсету әрекеті. Ол мектеп жасындағы балалар арасында жиі кездесіп, баланың өзін-өзі бағалауына, психологиялық жағдайына, оқу үлгеріміне кері әсер етеді. Отбасы – баланың алғашқы тәрбие мектебі. Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі белсенділігі мен түсіністігі – буллингтің алдын алудың маңызды факторы. Бұл тренинг барысында ата-аналар буллингті ерте кезеңде анықтау жолдарын, балаға қолдау көрсетудің тиімді әдістерін және отбасылық қарым-қатынасты нығайту тәсілдерін үйренді. Сонымен қатар, мектеппен бірлесе әрекет етудің жолдары қарастырылды.

#### Мақсаты:

Ата-аналарға буллинг ұғымын кеңінен түсіндіру, оның түрлері мен себеп-салдарын анықтау, балалардың қауіпсіз психологиялық ортасын қалыптастыруда отбасының шешуші рөлін көрсету. Сонымен қатар, ата-аналарды буллингтің алдын алу және балаға қажетті қолдау көрсету әдістерімен таныстыру, мектеп пен ата-ана арасындағы тығыз қарым-қатынасты нығайту.

**Педагог-психологтар: Құттымұратова Г.Б.**

**Акимова Е.Ж.**

